

Дизель отынының экспорты туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 қыркүйектегі N 945 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қырғыз Республикасының Үкіметі өкілеттік берген "МұнайМырзаОпт" ұйымына 2004 жылғы 9 қыркүйек - 15 қазанда 7500 (жеті мың бес жүз) тонна көлемінде дизель отынын (ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН коды 2710 19 410 0 - 2710 19 490 0) Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі осы қаулының 1-тармағының орындалуы және әкетілетін дизель отынының көлемін есепке алу жөніндегі қажетті шараларды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі В.С.Школьникке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі